

Ә. Қайыркен *¹, Н.А. Мұхаметжанова ², Шүкеева А ³

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің аға оқытушысы,
философия докторы (PhD), Астана қ., Қазақстан Республикасы,
e-mail: kairken82@gmail.com

²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің доценті,
тарих ғылымдарының кандидаты, Астана қ., Қазақстан Республикасы,
e-mail: nurg.1975@mail.ru

³Ш.Уалиханов атындағы Көкшетау университетінің аға оқытушысы,
философия докторы (PhD), Көкшетау қ., Қазақстан Республикасы
e-mail: ainur_shukeeva@mail.ru

ҚАЗАҚСТАН МЕКТЕПТЕРІНДЕ ТАРИХИ БІЛІМ БЕРУДІҢ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Аңдатпа

Бұл мақала Қазақстан мектептеріндегі ұлттық бірегейлікті қалыптастыру үрдісіндегі тарихи білім берудің маңыздылығын зерделеуге бағытталды. Зерттеу барысында «Қазақстан тарихы» пәнінің оқу мазмұнын әзірлеудегі өзгерістер тарихи ретроспективада қарастырылды. Зерттеу объектісі еліміздің мектептеріндегі Қазақстан тарихы курсының оқу мазмұны, ал зерттеу пәні - жастардың ұлттық бірегейлігін қалыптастыратын тарихи білім берудің маңыздылығы. Зерттеу пәнінің аясында тарихи білім беруге және білім алушылардың ұлттық бірегейлігінің қалыптасуына ықпал ететін факторлар талданды. «Қазақстан тарихы» жастардың бойында ұлттық бірегейлікті қалыптастыру маңыздылығын ашу үшін Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС), оқулықтарды әзірлеу мәселелеріне, пәннің базалық мазмұнының ерекшеліктеріне мән берілді.

Сонымен қатар 1991-2024 жылдар аралығында Қазақстанда оқу мазмұнының сапасын арттыруға байланысты көптеген іс-шаралар жүргізілгені сипатталды. Дегенмен, түрлі факторларға байланысты бұл бағыт бойынша айтарлық ілгерілеу отандық оқулықтану және оқу мазмұнын әзірлеу және сараптау мектебінің әлеуеті төмен болуымен сипатталды. Қазақстан тарихын оқытудың сапасын анықтау үшін объективті көрсеткіш көрсететін Ұлттық бірыңғай тестілеу екені айқындалды. Сондай-ақ ҰБТ жаңартылған білім беру мазмұны талап ететін оқыту нәтижелерін игеруді толық түрде бейнелей алмайтыны тұжырымдалды. Тарихи білімнің ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы маңыздылығын негізге алған өкімет Қазақстан тарихы оқыту мәселесіне мемлекеттік деңгейде бірқатар бағдарламалар қабылдау арқылы ұмтылыстар жасағаны зерделенді. Қазақстан Президенті өз баяндамалары мен жолдауларында Қазақстан тарихы пәнін оқыту мәселесіне ерекше мән бергені атап өтілді. Еліміздегі Қазақстан тарихы оқу мазмұнын жетілдіру мақсатында практикалық ұсыныстар берілді.

Кілт сөздер: тарихи білім, ұлттық бірегейлік, тарихи сана, Қазақстан тарихы, оқу мазмұны.

Ә. Қайыркен *¹, Н.А. Мухаметжанова ², А.Шүкеева ³

¹Старший преподаватель

*Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва, доктор философии (PhD),
г. Астана, Республика Казахстан, e-mail: kairken82@gmail.com*

²*Доцент Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилёва,
кандидат исторических наук,
г. Астана, Республика Казахстан, e-mail: nurg.1975@mail.ru*

³*Старший преподаватель Кокшетауского университета имени Ш. Уалиханова,
доктор философии (PhD),
г. Кокшетау, Республика Казахстан, e-mail: ainur_shukeeva@mail.ru*

ЗНАЧЕНИЕ ИСТОРИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В ФОРМИРОВАНИИ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕНТИЧНОСТИ В ШКОЛАХ КАЗАХСТАНА

Аннотация

Данная статья направлена на исследование значимости исторического образования в процессе формирования национальной идентичности в школах Казахстана. В ходе исследования в исторической ретроспективе рассмотрены изменения в разработке учебного содержания предмета «История Казахстана». Объектом исследования является содержание учебного курса «История Казахстана» в школах страны, а предметом исследования — значимость исторического образования в формировании национальной идентичности молодежи. В рамках исследования проанализированы факторы, влияющие на историческое образование и формирование национальной идентичности обучающихся.

С целью раскрытия значимости предмета «История Казахстана» в формировании национальной идентичности у молодежи особое внимание уделено Государственному общеобязательному стандарту образования (ГОСО), вопросам разработки учебников, а также особенностям базового содержания учебного предмета.

Кроме того, охарактеризованы многочисленные мероприятия, проведенные в Казахстане в период 1991–2024 годов, направленные на повышение качества учебного содержания. Вместе с тем отмечено, что в силу различных факторов в данном направлении не достигнуты значительные результаты, что связано с низким потенциалом отечественной школы учебниковедения, разработки и экспертизы учебного содержания.

Установлено, что объективным показателем определения качества преподавания истории Казахстана является Национальное единое тестирование. При этом сделан вывод о том, что НЕТ не в полной мере отражает результаты обучения, требуемые обновленным содержанием образования.

На основе значимости исторического образования в формировании национальной идентичности исследованы усилия государства, направленные на совершенствование преподавания истории Казахстана на государственном уровне посредством принятия ряда программ. Отмечено, что Президент Казахстана в своих выступлениях и посланиях уделяет особое внимание вопросам преподавания предмета «История Казахстана». В целях совершенствования содержания учебного курса «История Казахстана» в стране предложены практические рекомендации.

Ключевые слова: историческое образование, национальная идентичность, историческое сознание, история Казахстана, учебное содержание.

*A. Kairken *¹, N. A. Mukhametzhanova ², A. Shukeeva ³*

¹*Senior Lecturer at L.N. Gumilyov Eurasian National University, Doctor of Philosophy (PhD),
Astana, Republic of Kazakhstan,
e-mail: kairken82@gmail.com*

²Associate Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University,
Candidate of Historical Sciences,
Astana, Republic of Kazakhstan, e-mail: nurg.1975@mail.ru

³Senior Lecturer at Sh. Ualikhanov Kokshetau University, Doctor of Philosophy (PhD),
Kokshetau, Republic of Kazakhstan,
e-mail: ainur_shukeeva@mail.ru

THE IMPORTANCE OF HISTORICAL EDUCATION IN THE FORMATION OF NATIONAL IDENTITY IN SCHOOLS OF KAZAKHSTAN

Abstract

This article is aimed at examining the importance of historical education in the process of forming national identity in schools of Kazakhstan. In the course of the study, changes in the development of the curriculum content of the subject “History of Kazakhstan” were analyzed from a historical retrospective perspective. The object of the research is the curriculum content of the History of Kazakhstan course in the country’s schools, while the subject of the research is the significance of historical education in shaping the national identity of young people. Within the scope of the study, factors influencing historical education and the formation of students’ national identity were analyzed.

To reveal the importance of the History of Kazakhstan subject in fostering national identity among young people, particular attention was paid to the State Compulsory Education Standard, issues related to textbook development, and the characteristics of the basic content of the discipline.

In addition, numerous measures implemented in Kazakhstan between 1991 and 2024 aimed at improving the quality of educational content were described. However, it was noted that due to various factors, significant progress in this area has not been achieved, which is characterized by the low potential of the national school of textbook studies, curriculum development, and expert evaluation.

It was determined that the National Unified Testing serves as an objective indicator for assessing the quality of teaching the History of Kazakhstan. At the same time, it was concluded that the test does not fully reflect the learning outcomes required by the updated educational content.

Based on the importance of historical education in shaping national identity, the study examined the efforts of the government to improve the teaching of the History of Kazakhstan at the state level through the adoption of a number of programs. It was noted that the President of Kazakhstan has repeatedly emphasized the significance of teaching the History of Kazakhstan in speeches and official addresses. Practical recommendations aimed at improving the curriculum content of the History of Kazakhstan course in the country are proposed.

Keywords: historical education, national identity, historical consciousness, history of Kazakhstan, curriculum content.

Кіріспе. Тарихи білім беру қоғамдық сананы құрайтын мәдени мұра мен тарихи жадыны қалыптастыратын маңызды фактор ретінде үлкен маңызға ие. Сан ғасырлық тарихы бар Қазақстан үшін тарихи білім беру арқылы жас өскелең ұрпақты ұлттық мәдениетке, Отанға деген сүйіспеншілікке, азаматтық тәрбиеге, ұлттық және адамзаттық құндылықтарға баулу орасан зор міндетке айналды.

Мақаланың мақсаты Қазақстанның білім беру ұйымдарындағы ұлттық бірегейлікті қалып-тастыру шеңберіндегі тарихи білім берудің ерекшеліктерін зерделеу. Сондықтан зерттеуде тәуелсіздік жылдарындағы тарихи білім беруді қалыптастыруға бағытталған білім беру мазмұнының өзгеруін және ҰБТ-ны Қазақстан тарихы пәнін оқыту нәтижелерінің формасы ретінде дамуын тарихи ретроспективада зерделеу мақсат етілген.

«Білім туралы» ҚР Заңында білім беру мазмұны жеке тұлға құзыреттілігі мен жан-жақты дамуын қалыптастыруға негіз болатын білім беру деңгейі бойынша білімдердің кешені деп

айқындалады [1]. Сонымен қатар, білім беру мазмұны мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына негізделген оқу бағдарламалары бойынша анықталады. Сондықтан Қазақстан тарихы пәні бойынша білім беру мазмұнының тарихи ретроспективада өзгеруін зерттеу деректік базаны: білім беру стандарттарын, оқу бағдарламаларын, оқу әдебиеттерін және т.б. жазба және визуалды деректерді талдау арқылы жүзеге асырылады [2].

Тарих ғылымында тәуелсіздік жылдарындағы мектептегі тарихи білімнің және Қазақстан тарихының пән ретінде қалыптасу және дамуына назар аударылса да, Отандық тарихтың оқу мазмұны және оның жастардың бойында ұлттық бірегейлікті қалыптастыру маңыздылығына мән берген зерттеулер жоқтың қасы. Сондықтан ла аталған мәселе болса терең зерттеуді қажет етеді.

Материалдар мен әдістер. Б.С. Сәрсекеевтің диссертациялық зерттеуінде [3; 1-26] мұғалімдердің мектепте тарихи білімге қатысты реформаларды жүзеге асырудағы негізгі қиындықтары анықталды. Автор тарих пәні бойынша оқу бағдарламаларын, материалдар мен әдістемелерді мемлекеттік стандарттарға бейімдеуді талдау арқылы, олардың тиімділігін бағалауға ерекше назар аударды.

Б.Т. Берлібаев [4; 3-46] Қазақстанда 1920-2001 жылдар аралығында тарихи білімнің қалыптасу алғышарттары мен даму барысына тарихи-теориялық зерттеу жүргізді. Ғалым еліміздегі тарихи білім берудің теориялық және әдіснамалық ерекшеліктерін негіздеп, тарихи білімге ықпал еткен саяси, экономикалық, әлеуметтік және тарихи факторларды талдады.

Л.И. Зуева [5; 1-22] 1985-2000 жылдар аралығындағы Қазақстандағы мектептегі тарихи білім берудің мазмұнына кешенді тарихи-салыстырмалы талдау жасады. Зерттеу нәтижесінде 1990-жылдары қазақстандық тарих ғылымының жалпы білім беретін мектепке тарихи білім берудің жаңа әдіснамасы мен тұжырымдамасын ұсына алмағанын сынады.

С.Ж. Дүйсен «Ұлттық тарих көкжиегі» [6; 276-310] еңбегіндегі «Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан мектептеріндегі тарихи білім беру» деген тарауында Қазақстанның орта білім беруі шеңберінде Тәуелсіздік жылдарындағы орта білім беру ұйымдарындағы тарихи мектептің қалыптасу және даму тарихын зерделеді. Орта білім беру саласында қолға алынған маңызды істердің бірі Қазақстан тарихын «бұрмалаусыз, боямасыз, объективті» [6; 300] оқыту мәселесі болғанын атап өтеді.

Е.А. Әбілдің жалпы редакциясымен жазылған Қазақстан тарихының тарихнамалық мәселелеріне арналған ұжымдық монографиясында [7; 280-288] мектеп бағдарламасының қатып қалған догмалар мен көзқарастардан арылып, мәдени-тарихи плюрализм, тарихтың сызықтық емес, циклдық идеялары қабылдану қажеттілігін дәлелдеді. Сонымен бірге жастардың тарихи санасын қалыптастыруда БАҚ, АКТ, интернет пен видеоконтенттің маңыздылығына тоқталады [7; 284-287].

Зерттеу нәтижесінде елімізде Қазақстан тарихы мектеп оқулықтарына қатысты әлі де қарама-қайшылықтар бар екендігі анықталды. Сонымен қатар, жастардың ХХ ғасырда «Қазақ-стан тарихы» пәнінде тарихи оқиғалар мен тұлғаларды қабылдау ерекшеліктері талданған болатын.

Алыс шетелдік ғалым Carolyn Kissane [8] посткеңестік кезеңде Қазақстанда тарихи білім беру арқылы жаңа нарративтерді енгізуді, өтпелі дәуірде жалпы білім беретін мектептерде ұлттық бірегейлікті қалыптастыру арқылы кеңестік кезеңде жүргізілген орыстандыру саясатының ықпалын жоюға бағытталған мемлекеттік саясатты зерделеді.

Х.Ермұханова тарих пәнін оқытудың басты міндеттері, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту жолдары жөнінде сипаттады, оқулықтардағы ақпараттың берілу ерекшеліктерін баяндап, қарама-қайшылықтарын сынады [9]. Т.Тұрлығыл Қазақстан тарихы пәнін оқытудағы оқулықтардың және оқу-әдістемелік құралдардың, мұғалім кәсіби дайындығының маңыздылығы жөнінде баяндады [10]. Қ.Құнапина дінтану және Қазақстан тарихы пәндері бойынша оқу бағдарламалары, материалдары, оқулықтардағы мәселелерді айқындап, оларды шешу үшін ұсыныстар жасады [11]. «НЗМ ДББҰ»-ның білім беру бағдарламалары» орталығының мамандары Р. Базарбекова және А. Жакеева жаңартылған білім беру мазмұны үшін әзірленген

оқулықтардың кемшілік-тері сыналды, оқу әдебиеттерін әзірлеуде оқушылардың психологиялық жас ерекшеліктерін ескеру, зерттеушілік жобаларды әзірлеуге баулу және критериалды бағалау талаптарын енгізу қажеттілігін атап өтті [12]. А.Кұсайынов Қазақстанда отандық оқулықтану мектебінің қалыптасу қажеттілігі, сапалы оқулық жасаудың жолдары, оқулықтарды сараптаудың критерийлері, оқулық дайындауда халықаралық тәжірибеге негізделудің маңыздылығы жөнінде тұжырымдады [13].

Зерттеу және талқылау. Зерттеу барысында оқушылардың ұлттық сана-сезімінің қалыптасуына ықпал ететін тарихи білім берудің оқу мазмұнын әзірлеудегі өзгерістер қарастырылады. Зерттеу нысаны Қазақстан мектептеріндегі білім беру үрдісі, ал зерттеу пәні - оқушылардың ұлттық бірегейлігін қалыптастыратын тарихи білім берудің рөлі. Зерттеу пәнінің аясында оқу бағдарламаларының мазмұны, тарихи білім беруге және оқушылардың ұлттық бірегейлігінің қалыптасуына ықпал ететін факторлар талданады.

Бірегейлікті қоғамның көпқұрамды қасиеті деп айқындаған Н. Айтымбетов сол сезім арқылы адам өзін белгілі бір ұлтқа, елге, мәдени кеңістікке жатқызатындығын сипаттады [14]. Қоғамның ұлттық бірегейлігі әртүрлі мәдени бірлестіктердің ұзақ тарихи өзара қарым-қатынасы және әрекеті нәтижесінде пайда болады. Этностардың ортақ тарихи тағдыры арқылы қалыптасқан бірегейліктің негізі ұлттық тарихпен байланысты, ал ол өз кезегінде қоғамның өткені туралы естелікпен, көзқарастармен және тарихи санамен ұштасып жатады. Демек, ұлттық тарих арқылы елдің ұлттық мүддесі мен идеясын айқындайтын ұжымдық сана қалыптасады.

Ж.А. Тусупбеков, Н.О. Байғабылов, Н.А. Орынбасарова жаһандану жағдайында қоғамды бірегейліктің көптүрлілігінен сақтап қалудың тетіктерінің бірі тарих болып табылады. Себебі, тарих арқылы елдің ұлттық бірегейлігі күшейтіледі, ұлттық коды (түп негізі) дарытылады. Сонымен қатар, авторлар тарихты келер ұрпаққа табыстау мәселесін қозғады, себебі “егер тарихи жадының жүйесі тиісті дұрыс деңгейде құрылмаса, келер буынның санасында ұлттық құндылықтар өшеді”, - деп қорытындылайды [15]. Жас ұрпақтың санасында ұлттық құндылықтар қалыптаспаса, саналы бірегейліктің пайда болуы да мүмкін болмайды.

Е.Н. Дауенов, С.А. Нұрғалиева қазіргі уақытта жастардың бойында ұлттық сана-сезімнің, ділдің, азаматтық пен патриотизмнің төмен деңгейінің болуына бірнеше факторлар ықпал етеді. Солардың ішінде жастардың ұлттық мәдениетті, халықтың өткені мен бүгінін білмеуі, ұрпақтар сабақтастығының үзілуі, ең бастысы отандық тарихты дәріптемеуі деп тұжырымдайды [16].

Сондықтан да, тарихи білім беру арқылы ұлттық бірегейліктің қалыптасу маңыздылығын зерделеуге бағытталған зерттеуіміздің басты міндеті тәуелсіздік жылдарындағы мектептердегі Қазақстан тарихы пәніне қатысты оқу мазмұнын тарихи ретроспективада талдауға арналады.

Қазақстандағы білім беру ұйымдарында ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы тарихи білім берудің маңызын зерттеуде тарихи-педагогикалық және деректанулық тәсілдер қолданылды. Сол арқылы тақырып бойынша жазба, заңнамалық, оқу, визуалды, әлеуметтік, электронды деректердің кең спектрі талданды. Ең алдымен деректің ақпараттық мүмкіндіктері айқындалды. Содан кейін оның ішінде қамтылған мәліметтер жеке қарастырылып сипатталды. Зерттеудің соңғы кезеңінде түрлі дереккөздерден алынған мәліметтер жинақталып, біртұтас тарихи нарративте интерпретацияланды.

Зерттеуде әлеуметтік зерттеу әдістері қолданылды. Ең алдымен тақырып бойынша әдебиеттерге шолу жасалынды. Ғылыми еңбектердегі зерттеулердің ұқсастықтары мен айырмашылықтарына, нәтижелердің негізгі сипаттары, заңдылықтары, қарама-қайшылықтарына назар аударылды. Библиографиялық талдау жасалғаннан кейін деректерді белгілі бір тақырыптар бойынша жіктеп, тұжырымдар мен дәйектерді шығарып, ғылыми нәтижелер тұжырымдалды. Жекелеген фактілер Қазақстан азаматтарымен жеке әңгімелесуден алынды.

Мақалада Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2030» [17], «Қазақстан-2050» [18] Стратегиялары, «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Қазақстан халқына жолдауы [19], Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың

2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы [20], «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты Мемлекеттік бағдарламалары, Мемлекет басшысы Қ.-Ж. Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» [21], «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» бағдарламалық мақалаларындағы [22] тарихи білім беру мен тарихи сананы қалыптастырудың маңыздығы айқындалды. Сондықтан да, Қазақстан мектептерінде тарихи білім берудің бағыттары мен ұстанымдарын белгілеуде жоғары ықпал етіп, жас ұрпақтың бойында тарихи сананы қалыптастырудың мемлекеттік саясаты жөнінде деректің мәнді түріне жатады.

Қазақстанның тәуелсіздік жылдарындағы мектептегі тарих және тағы да басқа пәндерді оқытудағы өзгерістер жөнінде объективті болмысты аудиовизуалды деректер (киноқұжаттар, фотоқұжаттар) бейнелейді. «Орта білім беру саласын биыл ауқымды өзгерістер күтіп тұр» атты видео-репортажда «Қазақстан тарихы» және «Қазақ әдебиеті» пәндерін қазақ тілінде оқыту жоспары туралы баяндалды. Еліміздің орта білім беру ұйымдарында Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесін тарату, білім беру жүйесін біртіндеп жаңартылған білім беру мазмұнына кезең-кезең өткізу жөнінде мәлімденді [23]. Қазақстанның орта білім беру саласында жаңартылған білім беру мазмұнына өту Қазақстан тарихы пәнін оқытуда түбегейлі өзгерістерге алып келді.

«Қазақстан тарихы» пәнін оқыту білім беруге қатысты мемлекеттік web-сайттарында орта білім берудің даму барысы, жағдаяты мен сандық көрсеткіштері бойынша электронды тарихи құжаттарға, цифрланған деректерге, статистикалық мәліметтерге және құпия емес іс-қағаздардың сканерленген нұсқаларға қол жеткізілді.

«Қазақстан тарихы» пәнінің оқу мазмұнындағы ұлттық бірегейлікті қалыптастыруға арналған контентті анықтау және әрі қарай зерделеу үшін деректерді шартты түрде үш топқа: құжаттық, оқу, әлеуметтік және визуалды (электронды) деп бөліп қарастырамыз.

1991 жылы КСРО ыдыраған кезде Қазақстанның білім және ғылым саласында кеңестік заманда қатты идеологияландырылған тарихи пәндерді, тарихты зерттеу мен оқытуға байланысты көптеген мәселелер туындады. Соның ішінде «маркстік-лениндік» әдіснамадан бас тарту жолындағы ғылыми ізденістер, жаңа тарихи еңбектер мен мектеп оқулықтарының жазылуы, үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұнындағы тарихтың көрініс табуы және сол сияқты сұрақтар ғылыми және педагогикалық қауымдастық арасында қызу талқыланды. Сонымен қатар, кеңестік тарихнамада объективті және әділ бағасы берілмеген тарихи оқиғалар: отаршылдыққа қарсы ұлт-азаттық қозғалыстар, 1928-1933 жылдардағы ашаршылық, күштеп ұжымдастыру жүргізу, 1937-1938 жылдардағы репрессиялар, т.б. зерттелуі және ашыла басталуы қоғамды тітіретті.

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры, Қазақстан Республикасы Ғылым академиясының академигі Манаш Қозыбаев редакциясымен 1993 жылы «Қазақстанның ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі тарихы» атты ұжымдық очерк [24] шығарылды. Бұл тәуелсіздік жылдарында тікелей Отан тарихы бойынша дайындалған алғашқы іргелі еңбек болды. Бұл очерктерде алғаш рет Отан тарихындағы ақтандақтар пердесі ашылды. 1928-1933 жылдардағы ашаршылық, сталиндік қуғын-сүргін және Қазақстанға Кавказдан, Қырымнан, Еділ мен Қиыр Шығыстан халықтарды жаппай депортациялау және 30-шы жылдары Қазақстаннан Қытайға, Ауғанстанға көші-қон сияқты бұрын зерттеуге тыйым салынған тақырыптар қамтылды.

Бұл ғылыми жұмыста мұрағаттардың жаңа деректері, статистикалық материалдар пайдаланылды, сондай-ақ тарихи оқиғаларды жариялаудың әртүрлі әдіснамалық қағидалары қолданылды.

Базалық құжатты құру қажеттілігін ескере отырып, 1995 жылғы маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық кеңес «Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасын» қабылдады [24]. Тұжырымдамада тарих ғылымын дамытудың жаңа бағыттары айқындалды, тарихты зерделеу мен оқытудың, кадрлар даярлаудың өзекті мәселелері және тарихи зерттеулерді дамыту перспективалары көтерілді.

Қоғамның демократиялануы отандық тарих ғылымының дамуын өркендетуге жағдай туғызды. Қазақстан тарихының әдіснамалық тәсілдер тұрғысын жаңа тың көзқарастармен зерттеп, ғылыми әдіснамалық ұстанымдар жасалу қажеттігі өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Белгілі тарихшылар, т.ғ.д., профессорлар Б.Ғ. Аяған [25], Е.А. Әбіл және т.б. [26] тарихты адамгершілік көзқарас тұрғысынан пайымдап, назарды тек қоғамдық-саяси мәселелер, соғыстар мен шайқастарға ғана емес, халықтың күнделікті өмірі, бейбіт жасампаздық құндылықтарына мән беріп, зерттелуі қажет деп тұжырымдайды.

Тәуелсіздік жылдарында МЖМБС бірнеше рет өзгерістерге ұшырады. 11 жылдық мектептің отандық стандарттаудың құрылу тарихында бес кезеңді бөліп көрсетуге болады: 1992-1996 жж., 1997-1998 жж., 1999-2002 жж., 2003-2010 жж., 2011-2012 жж. және 2016–2021 жылдары жаңар-тылған білім беру мазмұнына кезең-кезеңмен көшумен байланысты болды. Бұл өзгерістер білім беру мазмұнын өзгермелі тарихи-саяси, әлеуметтік-экономикалық жағдайларға бейімдету үшін жасалынды.

Қазақстандықтардың тарихи санасын қалыптастырудағы алғашқы және елеулі құжаттардың бірі - Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты әзірлеген, 1995 жылы ҚР Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық Кеңес қабылдаған «Қазақстан Республикасында тарихи сананың қалыптасу тұжырымдамасы» [27] болды. Сарапшылардың пікірінше, тұжырымдамада «Жас ұрпақты тарихи тәрбиелеудің негізгі қағидаттары мен тәсілдерін» айқындады [28, 16-32; 29, 226-230].

1996 жылғы 30 желтоқсанда Н.Назарбаевтың №3299 Жарлығына байланысты, 1997 жыл «Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы» деп жарияланды [30]. 1997 жылғы 10 желтоқсандағы №3790 Жарлық бойынша 1998 жыл «Халық бірлігі және ұлттық тарих жылы» деп аталды [31]. Бұл іс-шара ұлттық тарихты зерделеу ғана емес, жалпыұлттық келісімді қамтамасыз етуге негізделіп, тарихтың қазақстан қоғамын біріктіруші факторы ретіндегі рөлін айқындады.

Еліміздің орта білім беру саласының оқу мазмұны оқу-әдістемелік және бағдарламалық құжаттарда көрініс табады. 1990 жылдардың екінші жартысында орта білім беру саласында жүзеге асқан бағдарламалық-тұжырымдамалық бетбұрыстарға байланысты жалпы білім беретін мектепті ізгілендіру және демократияландыруды тұжырымдамалық негіздеу, бағдарламалар мен оқулықтарды жасау және сараптау бойынша жаңа білім беру технологиялары мен әдістемелік ұсынымдарды пайдалану, Қазақстанда жалпы білім беруді ұйымдастыруға қойылатын талаптардың бірыңғай жүйесінің қажеттілігі туындады.

МЖМБС өзгертудің ең маңызды нәтижесі білімнен негізделген құзыреттілікке негізделген білім беру тәсіліне өту. Жаңартылған білім беру мазмұны кезең-кезең енгізілгенге дейін Қазақстан МЖМБС-ы Блум таксономиясы тұжырымдамасына негізделді. Білу – кез-келген пәндегі тақырып бойынша ақпараттық түсініктерді, Қолдану – алған білімді тәжірибе жүзінде қолдануды, ал талдау мен бағалау тұрақты түрде қолданылған тәжірибе шеберлігі. Ал құзыреттілікке негізделген тұжырымдама білім алушылардың бойында күрделі дағдылардың тұтас кешенінің қалыптасуына бағытталады.

Жаңартылған білім беру мазмұнында тарихи білім тұлғаның, азамат пен патриоттың қалыптасуына жұмыс жасауға тиіс болды. Сондықтан Қазақстан тарихы пәні оқушыларды тарихи оқиғалармен таныстырып қана қоймай, ғасырлар бойы Ұлы дала кеңістігінде қалыптасқан ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруге ықпал етеді деген жоспар белгіленді.

Жаңартылған білім беру курсының нұсқаулығында айтылғандай: «Қазақстан тарихы пәнінің мазмұны ата-бабаларымыздың бірегей мәдениетін, әлем тарихындағы Қазақстанның алатын орны мен рөлін, оның жалпыәлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлесін түсінуге мүмкіндік береді. «Қазақстан тарихы» пәні ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қабылдайтын, адамдар құқықтары мен бостандықтарын құрметтейтін және Отанының дамуына өзіндік үлес қосуды қалайтын тұлғаны тәрбиелеу арқылы жүзеге асады.

«Оқыту мақсаттарының құрылымдалған жүйесі оқушылардың білімді функционалдық және шығармашылықпен қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынас жасаудың түрлі

тәсілдерін қолдану, топпен және өз бетінше жеке жұмыс істей білу, мәселелерді шешу және шешім қабылдау сияқты кең ауқымды дағдыларын дамытуға негіз болады. Кең ауқымды дағдылар оқушының мектептегі білім алу тәжірибесінде де, келешекте мектепті бітіргеннен кейінгі қызметінде де жетістіктерге жетуінің кепілі болып табылады.

Қазақстандық оқулықтарды әзірлеу, оқу үрдісіне кезең-кезеңімен енгізу 1997-2007 жылдар аралығында жүзеге асырылды. Алайда, оқулықтарды әзірлеу және толыққанды сараптама жүргізу тәжірибесінің жоқтығынан оқулықтардың сапасы педагогикалық және ата-аналар қауымының наразылығын тудырды. Сондықтан да оқулықтар мен ОӘК-лерді әзірлеу және мектептерді қамтамасыз ету жұмыстарын жүйелеу үшін 2005 жылы «Оқулық» РҒПО құрылды [32]. Білім беру жүйесіндегі өзгерістер оқу-әдістемелік базаны кешенді жаңартумен қатар жүрді. 2000 жылдардың басында оқу орындары мемлекеттік тілдегі оқулықтардың жетіспеушілігін сезінді. Мектептерде әлі де болса 70-ші жылдардағы оқулықтар қолданылды. Жалпы білім беретін мектептер үшін оқулықтар мен ОӘК дайындау және басып шығару мақсатты бағдарламасын одан әрі іске асыру жалғасты.

ҚР-дың жалпы білім беретін мектептері үшін оқу әдебиеттері мен ОӘК-лерді дайындау мен басып шығарудың үкіметтік нысаналы бағдарламасына сәйкес республиканың 77 тірек мектебінде 2000 жылғы қазаннан бастап, оқулықтарды байқаудан өткізу апробациялау жүргізілді [33, 356]. 2001 ж. «Республикалық деңгейдегі әдіснамалық жұмыс» бағдарламасы бойынша қазақ тілі, әдебиет, Қазақстан тарихы пәндері, неміс тілі, қытай тілі, дамыта отырып оқыту, тәрбиелік, қолөнер, музыка, құқық сабақтары, физика, математика, информатика бойынша әдіс-тәсілдік құралдар, практикумдар, жинақтар мен оқу құралдарын шығару белгіленді [34, п. 28-37].

Бұл жылдары мұғалімдер және баспалар мен басылымдар тарапынан да оқу-әдістемелік құралдар мен дидактикалық материалдар, т.б. көптеп шығара бастады. Қазақстанда кешенді іс-шаралардың нәтижесінде орта білім беруді қажетті оқу әдебиеттері және ресурстарымен қамтамасыз ететін ұлттық оқу-әдістемелік база қалыптасты. Білім беру мазмұнын одан әрі дамыту, жаңарту, заманауиландыру және бәсекеге қабілетті ортаға келтіру тетіктері жоспарлануы қажет болды.

2008 жылдан бастап оқулықтардың мазмұны үшін жауапкершілік авторлармен қатар сарапшыларға да жүктелді [35]. Оқулықтар мен ОӘК әзірлеу және басып шығару ережелері жылдан-жылға жетілдірілді. Бұл бағыт бойынша халықаралық байланыс пен ынтымақтастық та күшейді. «Оқулық» РҒПО мен Германиядағы «Корнельзен» баспасы және Ұлыбританиядағы «Cambridge University Press» баспасымен оқулықтану және оқу кітап басылымы саласындағы ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды [36]. 2012 жылы бірыңғай базалық оқулық ұғымы және міндетті апробация енгізілді [37]. «Оқулықтар сапасын қоғамдық бағалау» арнайы порталы іске қосылды. Мектеп оқулықтары мен ОӘК қорландыру цикліне сәйкес 5 жылда бір рет және үлгілік оқу бағдарламаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілуіне қарай жаңартылады.

2017 жылғы Қазақстан халқына Жолдауда қала және ауыл мектептері арасындағы білім беру сапасындағы алшақтықты қысқарту қажеттілігі атап өтілді [38]. Осыған байланысты орта білім беру жүйесінің сапасын арттыру, білім берудегі қолжетімділік пен теңдікті қамтамасыз ету мақсатында ҚР мен Халықаралық қайта құру және даму банкі арасында 2018–2022 жж. арналған «Орта білім беруді жаңғырту» жобасы жүргізілді.

Оқу-әдістемелік кешендер білім беру үрдісінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Алайда, мемлекеттік деңгейде оқулықтарды тиімді әзірлеу және оқу материалдарына сараптама жүргізу үшін қажетті ғылыми-әдістемелік және әдістемелік базаның жеткіліксіз дамуы байқалады. Сондай-ақ, оқу басылымдарының сарапшыларын даярлаудың кәсіби базасы болмады. Оқулықтарда әдістемелік аппараттың сапасына жеткіліксіз назар аударылады. Оқулық үшін әзірленетін тапсырмалар, сұрақтар мен жаттығулар жиынтығы әрдайым заманауи оқытуға сәйкес келе бермейді және әрдайым табысты таңдалмайды. Бұл білім беру үрдісінің тиімсіздігіне әкеледі. Баспалар мен авторлық топтар көбінесе оқулықтардың сапасыздығын типтік оқу бағдарламаларының

сапасыздығымен байланыстырады. Ата-аналар қоғамы мектеп оқулықтарының мазмұнына наразылық білдіреді. Оқушылар меңгеруі тиіс оқу материалдарының үлкен көлемі жүктеменің артуына әкеледі және оқушылардың физикалық денсаулығына теріс әсер етеді. Сондықтан да ғылыми-әдістемелік базаны дамыту және оқу басылымдарының сарапшыларын кәсіби даярлауды қамтамасыз ету қажет. Сондай-ақ, әдістемелік аппараттың сапасына мұқият назар аудару және оқулықтарды әзірлеу кезінде заманауи тәсілдерді қолдану керек. Сонымен қатар, типтік оқу бағдарламаларының оқулықтардың сапа талаптарына сәйкестігіне назар аударған жөн. Бұл мәселелерді шешу білім беру үрдісінің тиімділігін арттыруға және оқушылар үшін оқу жағдайларын жақсартуға ықпал етеді.

Білім беру мазмұнын сараптау орталығының мәліметтеріне сүйенсек, 5-11 сыныптарға арналған 23 «Қазақстан тарихы» бойынша балама оқулық қолданыста. Пән бойынша оқулықтарды «Атамұра», «Мектеп», «NIS» баспалары шығарады. Қазақстан тарихы бойынша оқулықтарды талдау жұмыстары бойынша анықталған кемшіліктер:

- 1) Артық ақпараттық және фактологиялық материалдардың болуы;
- 2) Қазақ мектебіне арналған оқулықтардың қазақ тілінде әзірленбей, аударма түрінде ұсынылуы;
- 3) Авторлардың әртүрлі тарихи дереккөздерді пайдалануына байланысты фактологиялық қателіктердің болуы (сәйкес келмеуі);

- 4) Оқушылардың жеке қабілеттерін ескермей бақылау-өлшеу құралдарының (практикалық тапсырмаларды) әзірленуі;

- 5) Оқулықтарды басып шығаруда полиграфиялық сапаның төмендігі. Осыған байланысты БМСО авторлар мен баспалар алдында оқулық әзірлеуде жаңа талаптар қойды:

- 1) Аударма оқулықтарға тыйым: Оқыту қазақ тілінде жүргізілетін мектептер үшін оқулықтар тек қазақ тілінде әзірленеді.

- 2) Қазақстандық контентке басымдық: Отанға, ұлттық кодқа сүйіспеншілік пен құрмет; халық пен мемлекет мүддені, құндылықтарды қамту; бұрынғы және қазіргінің батырларын, фольклорлық кейіпкерлерді таныту, т.б.

- 3) Қазіргі замандағы сын-қатерлерді ескеру: Суицид, лаңкестік, қатыгездік, зорлық-зомбылыққа, қате жіберуден қорқуға итермелейтін материалға жол бермеу; қоршаған ортаға ұқыпты қарауға тәрбиелеу; кәсіптермен танысу, еңбек адамына құрмет, т.б.

- 4) Жас ерекшеліктеріне сәйкестік ұстанымы: Мәтін, иллюстрация, тапсырмалар мен баяндау тілі оқушылардың жас ерекшелігін ескеруі керек: танымдық дағдыларды дамытудағы баланс, стандартты және жаңа жағдайлар, бағалау түрлері, т.б.

- 5) Электронды оқу басылымдарына талап күшейтілді: Электронды оқулық пен ОӘК-нің веб-платформадағы бағдарламалық өнім екені және сыртқы тасығышқа жазылатыны туралы талап белгіленді, функциялы-техникалық сипаттамалары анықталды [39].

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқулықтарды әзірлеуге қатысты мәселені мемлекет басшысы қозғауға мәжбүр болды. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында мемлекет басшысы Қ.-Ж.К. Тоқаев тәуелсіздік жылдарында еліміздің ұлттық мүддесіне сай көптомдық тарих толық жазылмады деп мәлімдеді [22]. Президент жаңа тарихи академиялық басылымның тұжырымдамасы бұған дейін болған олқылықтарды ескеріп, қайта қаралып, жаңа тәсілдер мен ұстанымдарды басшылыққа алып, беделді тарихшыларды авторлыққа тарту арқылы жазылуы тиіс деген пікір білдірді. Алдағы уақытта бүкіл оқулықтар осы жаңа үлгідегі академиялық басылымның негізінде жазылуы керек. Бұл қадам жастардың тарихи санасын жаңғыртуға ықпал етеді деп тұжырымдады.

«Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында Қ.-Ж.К. Тоқаев Қазақстан тарихы көптомдық академиялық басылымның жазылу барысы жөнінде баяндай отырып, жаңа еңбекте қарама-қайшы фактілердің болмауы, осыған дейін жіберілген тұжырымдамалық кемшіліктердің қайталанбауы, төл тарихымыздың оқиғалары әлемдік тарихи үрдістермен тығыз байланыста сипатталуы тиіс деп айтты [40]. Сонымен қатар, Президент жеті томдық Қазақстан тарихы еңбегінде соңғы уақытта ашылған ғылыми жаңалықтарды қамтып, «тілі – жеңіл, мәтіні – кез келген жастағы оқырманға түсінікті болуы керек», - деген тапсырма берді.

2001 жылы ҚР БҒМ Қазақстандағы саяси жүйені реформалаудың 2002-2010 жылдарға арналған негізгі бағыттарды анықтады [41, п. 2]. Саяси жүйені одан әрі демократияландыру

және азаматтық институттарды дамыту мақсатында, ең алдымен, қазақстандық қоғамның құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыру ұсынылды. Осыған байланысты білім беру жүйесін реформалаудың басты міндеттерінің бірі гуманитарлық цикл пәндерін оқытуды жетілдіруге бағытталған болуы тиіс және осының негізінде оқушылардың азаматтық өзіндік сана-сезімін тәрбиелеу және олардың демократияны дамытуға үлес қосуы қажет делінді. Білім беру ұйымдарында демократиялық мемлекеттің жұмыс істеуі, мемлекет пен азаматтық қоғам арасындағы өзара қарым-қатынас нысандары бойынша жастарға негізгі білім беруге бағытталған түрлі білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және кейіннен іске асыруға назар аудару қажет болды. Мемлекет кепілдік берген барлық құқықтарға ие оқушы өзін Қазақстан азаматы ретінде сезінуі керек болды. Бұл қазақстандық патриотизмнің негізін қамтамасыз ететін еді.

ҚР мектептеріндегі тәрбие үдерісіне «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында» бағдарламалары зор серпін берді. Білім беру ұйымдарында балаларды тәрбиелеу жөніндегі жұмысты күшейту 2017 жылдан бастап, ҚР «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласын жариялаумен тығыз байланысты болды. Өскелең ұрпақтың рухани-адамгершілік және мәдени құндылықтарын дарыту және тарату «Туған жер», «Қазақстанның киелі географиясы», «Жаһандық әлемдегі заманауи қазақстандық мәдениет», «Қазақстанның 100 жаңа есімі», «Жаңа гуманитарлық білім» жобалары арқылы жүзеге асырылды. Сонымен қатар, қазақ тілін латын графикасына кезең-кезеңмен көшіру бойынша «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық», «Мемлекеттік тілдің латын әліпбиіне көшуі» жобалары қолға алынды.

ҚР-да патриоттық тәрбие беру 2011 жылы Н.Назарбаевтың жеке бастамасымен құрылған Республикалық бірыңғай «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының бағдарламаларына балалар мен жасөспірімдерді тарту арқылы белсенді азаматтық ұстанымды қалыптастыру бойынша үлкен жұмыс жүргізілуде.

ҚР БҒМ 2015 жылғы 22 сәуірде ҚР-дағы Тәрбие берудің тұжырымдамалық негіздері бекітілді [42]. Онда жалпы білім беру стратегиясы, тәрбие саласындағы мемлекеттік саясаттың мақсаты мен міндеттері, білім беру мазмұны мен технологиясы, білім берудің негізгі бағыттары және оларды жүзеге асыру шарттары көрініс тапты. Гуманитарлық пәндерді оқытуда оқушыларды тәрбиелеу мен әлеуметтенуіне ықпал ететін құндылыққа бағдарланған тәсіл қолданылады. Сонымен қатар, бұл тәсіл оқу бағдарламаларының мазмұнына, оқу әдебиеттеріне құндылықтарды кіріктіруді көздейді.

2004 жылы ҚР-да ҰБТ енгізіліп, орта білім беру сапасын бағалау саласы ең ауқымды реформаға айналды. ҰБТ-ның еліміздің білім беру саласына тигізген оң және теріс ықпалы болды. Мәселен, ҰБТ білім беру саласында сыбайлас жемқорлыққа тосқауыл қойды, әлеуметтік әділдікті қамтамасыз етті және талапкерлерге ЖОО-ға түсуге тең жағдай жасады. ҰБТ еліміздегі білім беру сапасын бағалаудың сыртқы түріне жатқызылды. Жылдан жылға ҰБТ орташа балының өсуі байқалды. Гуманитарлық цикл пәндері бойынша жақсы көрсеткіштерге қол жеткізілді. ҰБТ нәтижелері білім алушылардың оқу бағдарламаларын меңгеру деңгейін бағалауға ғана емес, нақты облыс, аудан, мектеп, пәндер бойынша тестілеу нәтижелерін терең талдау және түсіндіру, білім беру сапасын арттырудың көптеген мәселелерін шешуге, білім беру стандарттары, оқу бағдарламалары, оқулықтар, мұғалімдерді қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру, мектептердің МТБ бойынша қажетті басқарушылық шешімдерді қабылдауға ықпал етті. ҰБТ-ның нәтижелері қала және ауыл мектептері арасында білім беру сапасындағы алшақтықты көрсетеді.

ҰБТ-ға дайындық мақсатында репетиторлық қызмет кеңінен таралды. «ҰБТ дайындығына көп көңіл бөлінді, жеке репетиторлық қызмет өрістеді, ал бұл отбасының қаржылық жағдайына ауыртпалық әкелді», – деді мұғалімдердің біреуі [43]. ҰБТ-да қолданылған тест тапсырмаларының түрлерінің бірегейлігі және сапасы үлкен сұрақ тудырды. 2004-2008-жылдар аралығында ҰБТ-да тек жабық типтегі тест тапсырмалары (бір дұрыс жауапты таңдау тестілері) қолданылды. Бұл үрдіс талапкерлердің жан-жақты, жоғары және шығармашыл ойлау дағдыларын бағалауда шектеу болды.

2008 жылдан бастап ҰБТ-ға өзгерістер енгізілді. Ең жоғары шектік балл 125 ұпай болып белгіленді. 2008 жылдан бастап қазақ тілі ҰБТ-ға міндетті пән ретінде енгізілді [44]. ҰБТ нәтижелері облыс әкімдерінің рейтингіне енгізілді. Мектептердің тестілеуде төмен нәтижелер көрсетудің құқықтық салдары болды, солардың ішінде мектеп әкімшілігі мен педагогтердің жұмыстан босатылуынан көрініс тапты. Бұл мектеп әкімшілігінің үлгерімі төмен түлектерді мектептен шығаруға итермеледі. ҰБТ-дағы тест тапсырмалары жалпы білім беретін мектептер, инновациялық және мамандандырылған мектептер үшін бірдей болды. Яғни, тестілеу оқушылардың оқыту нәтижелерін дайындық бейінін ескерусіз жүргізді. Бірнеше нұсқаның бір ғана жауабын таңдауды ұсынған тест форматын қолдану оқушының нақты білімі мен ойлау және шығармашылық қабілеттерін көрсетпеді. Тестер оқушылардың көптеген құзырет-тіліктерін өлшеген жоқ. БҒМ-ның 2009–2011 жылдарға арналған стратегиялық жоспарында ҰБТ-да дамытушылық сипаттағы тест тапсырмаларын әзірлеу және қолдану қарастырылды.

2017 жылдан бастап ҰБТ мектепте қорытынды аттестаттау (мемлекеттік емтихандар) және ЖОО-да таңдаған мамандығына байланысты 14 пәннен екі бейіндік пән бойынша ҰБТ түрінде өткізіледі.

2024 жылға дейін Қазақстан тарихы пәні бойынша оқыту сапасы туралы неғұрлым объективті мәлімет бере алатын сыртқы бағалаудың құралы ҰБТ болып табылады. 2022 жылғы наурыз айындағы ҰБТ нәтижелеріне назар аударсақ, республика бойынша Қазақстан тарихы пәнін сәтті тапсырудың көрсеткіші 55,68%-ды құрады [45].

Кесте 1

Реттік саны	Облыс, қала	Тапсыру коэффициенті	Пайыздық көрсеткіш	Нәтиже
1.	Ақмола облысы	1,23	56,80	69,87
2.	Алматы облысы	3,22	57,41	184,87
3.	Атырау облысы	1,18	54,29	64,07
4.	Ақтөбе облысы	0,99	55,29	54,73
5.	БҚО	0,87	55,10	47,93
6.	Маңғыстау облысы	0,93	52,62	48,93
7.	ШҚО	1,42	53,76	76,33
8.	Жамбыл облысы	1,51	58,45	88,27
9.	Қарағанды облысы	1,45	52,87	76,67
10.	Қызылорда облысы	1,17	58,97	69,00
11.	Түркістан облысы	3,43	54,42	186,67
12.	Қостанай облысы	1,05	54,86	57,60
13.	Павлодар облысы	1,07	57,38	61,40
14.	СҚО	0,74	55,05	40,73
15.	Астана қаласы	1,86	56,31	104,73
16.	Алматы қаласы	3,34	56,43	188,47
17.	Ш Шымкент қаласы	1,67	56,57	94,47

1-ші кестеде 59-пайызбен Қызылорда облысы ең жоғары көрсеткішке ие, Жамбыл (58%), Алматы (57%), Павлодар (57%), Ақмола (56%) облыстары мен Шымкент (56%) қаласы (56%) тиісінше, алдыңғы шептерде орналасқан. Төменгі нәтиже көрсетіп отырған ШҚО (52%), Қарағанды (52%) және Маңғыстау (53%) облыстары. Ескеретін дүние, бұл нақты көрсеткіш емес, себебі әр облыстағы тест тапсырған оқушылардың саны әртүрлі, сондықтан оқушылар-

дың тапсыру коэффициентін енгізсек, мысалы 100 оқушы = 1,00 коэффициент. Әр облыстың, қаланың тапсыру коэффициентін есептеп оны пайыздық көрсеткішке көбейтіп, төмендегі кестені аламыз. Алдыңғы төрт орында Алматы (188,47), Астана (186,67) қалалары және Түркістан (184,87) және Алматы (104,73) облысы орналасқан. Соңғы төрт орында Ақтөбе (40,73), Маңғыстау (47,93) Батыс Қазақстан (48,93), Солтүстік Қазақстан (54,73) облыстары орналасқан [45].

ҰБТ нәтижелері көрсеткендей мектеп түлектерінің «Қазақстан тарихы» пәнін білу деңгейі елу пайыздан сәл асады. Ал мемлекеттік стандарт бойынша пәнде игерілуі тиіс білімді шығармашылықпен қолдану, сыни тұрғыдан ойлау, зерттеу жүргізу, мәселелерді шешу және шешім қабылдау сияқты кең ауқымды дағдылар ҰБТ-да бағаланбайды.

Сонымен отандық орта білім беруді бағалау жүйесінде қайшылықтар айқындалды. ҰБТ-ны жетілдіру бағытында және бағалау жүйесінің тиімділігіне қатысты әртүрлі көзқарастар анықталды. Респонденттердің көпшілігі ағымдағы бағалау жүйесін анық, объективті және әділ деп танымайды. Еліміздің білім беру саласында педагогикалық өлшеуіштер, тестілеу теориясы мен тәжірибесі, халықаралық зерттеулер әдістемесін мақсатты зерттеуге ерекше назар аударылуы керек. Білім беру жүйесінің ішкі бағалау механизмін әзірлеп енгізу қажет. Осы бағытта жұмыс жүргізетін орталықтардың жұмысын оңтайландыру, әрі ғылыми негізде жұмыс жасауына мән беріп, зерттеушілік қызметін қаржыландыру маңызды.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасында ҰБТ үшін арналған тест спецификациясы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу бағдарламалары және ҰТО-ның өзге де құжаттары негізінде әзірленеді, сондықтан, біріншіден, МЖМБС [46], сондай-ақ оқу бағдарламалары мен ҰОБ-лар [47] қарастыру өте маңызды.

Қазіргі жаһандану заманындағы әлемдік сын-қатерлер, сонымен қатар Ресей мен Қытай сияқты екі алпауыт державаның ортасында орналасқан Қазақстан үшін оқушылар мен жастардың бойында ұлттық бірегейлікті нығайту күн тәртібіндегі өзекті мәселе. «Қазақстан жастары – 2022» ұлттық баяндамасы деректеріне сүйенсек, республиканың бүкіл аумағын қамтыған әлеуметтік зерттеуге қатысқан 6000 жастардың 19,5%-ы оқу, білімді құндылық ретінде санайды. Сонымен қатар «оқу, білім» және «дінді құндылық» деп көрсеткен респонденттер үлесі өсу үрдісіне қарай тұрақты болып қала береді» [48]. Қоғамда тарихи сана және ұлттық бірегейлік нығаймаса, келер уақытта азаматтардың діни фанатизм, жалған идеология, дәстүрлі емес діни ағымдар, деструктивті секталардың құрбандарына айналу сын-қатері жоғары болып тұр.

Қазақстан тарихы пәні бойынша оқу мазмұнын әзірлеу үшін практикалық ұсыныстар:

1. Қазақстан тарихы бойынша білім беру деңгейлері мен сыныптарының оқу мазмұны, тақырып хронологиясы бойынша сабақтастықты қамтамасыз ету қажет. Білім берудегі сабақтастық білім алушының бір білім деңгейінен екіншісіне немесе сыныптан-сыныпқа ауысқан кезінде психологиялық және педагогикалық дайындығын қалыптастыруға бағыттталып, толыққанды дамуын қамтамасыз еткен жөн. Бұл сабақтастық бір деңгейден екінші деңгейге, сыныптан-сыныпқа тұрақты, үдемелі өтуді қамтамасыз ететін тиімді тәсілдер мен әдістердің көмегімен (мысалы, сабақтастық қағидаты, хронологиялық қағидат, т.б.) жүзеге асырылады.

2. Қазақстан тарихы бойынша оқулық әзірлеуде заманауи педагогикалық тәсілдерді қолдануды қажет етеді. Солардың қатарында оқыту мен тәрбиелеудегі құндылыққа бағытталған тәсіл, құзыреттілік тәсіл, функционалды сауаттылық (Жаһандық құзыреттілік пен креативті ойлау).

3. Қазақстан тарихы бойынша оқулық әзірлеуде инклюзивті мәдениетті қалыптастыруға назар аудару ұсынылады, себебі оның негізінде жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктері бар барлық білім алушыны қабылдау, сондай-ақ тұтастай алғанда инклюзия философиясы жатыр.

4. Қазақстан тарихы бағдарламасы мен оқулығы өзін және қоршаған әлемді түсіну, азаматтық жауапкершілікті дамыту, құндылық бағдарларын қалыптастыру, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту, қоғамдағы белсенді өмірге дайындық, тарих пен мәдениетті түсіну, әлеуметтік дағдыларды дамытуға бағыттталуы тиіс.

6. Қазақстан тарихы бағдарламасы мен оқулығы тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру үшін тарихи концептілер (хронологиялық, тарихи кеңестік, сабақтастық, өзгеріс, т.б.) негізінде құрылуы тиіс.

7. Қазақстан тарихы бағдарламасы мен оқулығын әзірлеуде, сараптауда орта білім беру саласындағы зерттеулер нәтижелерін жариялау және озық педагогикалық тәжірибемен алмасу үшін жағдайлар жасалынуы қажет (мысалы, оқулықтану мектебін қалыптастыру, арнайы біліктілік арттыру курстарын, дөңгелек үстелдерді, конференцияларды ұйымдастыру, ғылыми зерттеу орталықтарын ашу).

8. Қазақстан тарихы оқулықтарын әзірлеместен бұрын оқу бағдарламасындағы пән бойынша оқу нәтижелерін халықаралық озық тәжірибеге сай айқындау және оңтайландыру қажет. Содан кейін оқу нәтижелері пән бойынша оқу мақсаттарында нақтыланып, оқулықтарда ашылуы тиіс.

9. Қазіргі кезде Қазақстанда орта білім беру ұйымдары үлгілік оқу жоспарларын таңдауға көшті, онда жеке пәндерді оқуға кететін уақыттың азаюына байланысты пәндер бойынша сағаттарды бөлу жүйесі бұзылды. Сонымен қатар, сағат саны азайған кезде, оқытудың барлық күтілетін нәтижелеріне, оқу мақсаттарына қол жеткізу талабы азаймады. Мектептер қысқартылған бағдарлама үшін пән бойынша оқу нәтижелерін толық меңгерте алмайды. Орта білім беру ұйымдарының жаратылыстану пәндерін кеңейтіп оқытатын бағдарламаларды таңдаған кезде Қазақстан тарихы сияқты гуманитарлық пәндердің оқу жоспары бойынша сағат санын қысқарту есебінен жүзеге асырылмаған жөн.

10. Жалпы білім беретін мектеп үшін Қазақстан тарихы оқу мазмұнын құрастыру Қазақстан тарихының VII томдық академиялық басылымына енген тақырыптардың генерализациясы арқылы жүзеге асырылып, оқушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылығына қарай сәйкестендірілуі мен іріктелуі керек. Қазіргі кезде Қазақстан тарихы пәні мазмұнында кеңестік кезеңдегі тәсілдер мен қағидалар сақталуда (максистік-ленинистік идеология, оқу мазмұнын ұсыну жолдары, т.б.). Сонымен қатар тақырыптардың милитаристік сарыны (“көшпенді халықтар өмір бойы соғысып жүрді” деген идея) басым көрініс табады. Сонымен қатар, тарих үшін тақырыптар іріктелген кезде оқушы түсінігі, танымы үшін күрделі тақырыптар бағдарлама мен оқулыққа енгізілмеген жөн. Мысалы, қазіргі кездеге бағдарлама тақырыптық жоспарында, казак әскери топтарының тарихы, Қазақстан тарихы ғылымында мұрағат құжаттарының құпиялығына байланысты толық зерттелмеген демография, әскери-өнеркәсіптік кешендер, т.б. тақырыптар қамтылған.

11. Оқулықтар шығаруда баспалар оқушылардың жас ерекшеліктері мен қызығушылығын, психологиялық ерекшеліктер, педагогикалық оқыту тәсілдері мен әдістерін ескеретін дизайнды қамтамасыз ету үшін өз ресурстары мен материалдық-техникалық базасын жетілдіруі тиіс.

12. Оқулықтар мен оқу-әдістемелік басылымдарды сараптау критерийлері бір мәнді, қол жеткізуге болатындай, өлшенетін және ең алдымен МЖМБС және үлгілік оқу бағдарламаларының күтілетін нәтижелерін ескеруі тиіс.

13. Авторларды ұлттық мәнмәтінді және үздік әлемдік тәжірибелерді ескеретін оқулықтардың мазмұнын әзірлеуге ынталандыру қажет.

14. Тарих пәндері бойынша оқулықты әзірлеуді жүзеге асыру үшін ғылыми-әдіснамалық және әдістемелік базаны қамтамасыз ететін ұйым қажет.

15. Қазақстан тарихы оқу мазмұнын әзірлеуде барлық оқушылардың қызығушылығын қамту, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды тарту үшін цифрлық технологияларды қолдануды кеңейту қажет.

16. Қазақстан тарихы және Дүниежүзі тарихы пәндерінің оқу мазмұнындағы хронологиялық, мазмұндық, ғылыми-әдістемелік сабақтастық қамтамасыз етілуі тиіс.

Қорытынды. Ұлттық бірегейлікті қалыптастыру арқылы жастардың тарихи санасын нығайтуға бағытталған тарихи білім «біз кіміз?» деген сұраққа жауап береді әрі қазақстандықтардың басқа елдерден немен ерекшелінетінін ұғынуға мүмкіндік жасайды. Қазақстанның орта білім беру ұйымдарында ұлттық бірегейлікті қалыптастырудағы тарихи білімнің маңыздылығы туралы зерттеу қорытындысы мемлекеттік стандарттарды, оқу

бағдарлама-ларын және Қазақстан тарихы бойынша оқулықтарды сараптамалық бағалау және білім беру мазмұнының құрамдас бөліктерін талдау нәтижесінде жүзеге асырылды. Тәуелсіздіктің соңғы онжылдығында стандарттар түбегейлі өзгеріп, білімге бағдарланған тәсілден құзыреттілікке бағдарланған тәсілге көшті. Сол арқылы Қазақстан мектептерінде жеке тұлғаға бағытталған, саралап және белсенді оқыту мен критериалды бағалау енгізілді. Алайда, білім берудің жаңартылған мазмұнына көшу бірқатар қиындықтарға тап болды, соның ішінде мұғалімдердің қанағаттанарлықсыз дайындығы және оқу әдебиеті сапасының төмендігі.

Қазақстан тарихы оқулықтарына қатысты үлкен кемшіліктер қазақ тіліндегі оқулықтарды аударма түрінде ұсынылуымен, фактологиялық қателіктердің болуымен және полиграфиялық сапасының төмендігімен байланысты болды. Жаңартылған білім беру мазмұнының сапасын бағалаудың сыртқы жүйесі әзірленбеген, бұл ҰБТ-ны білім алушылардың Қазақстан тарихы бойынша білімін бағалаудың жалғыз құралы ретінде қарастыруға итермелейді. ҰБТ-да түлек-тердің Қазақстан тарихы пәні бойынша білім деңгейі 50%-дан сәл ғана асатыны айқындалды.

Қазіргі жаһандану заманындағы әлемдік сын-қатерлер, бұрын-соңды болмаған ауыртпа-лықты қауіптер туындаған дәуірінде тарихи білім жастардың сыни ойлауы мен тарихи жадын қалыптастыру үшін маңызды бола бастады. Сонымен қатар, тарихи білім жастарды Отанға қызмет етуге, белсенді азаматтық ұстанымға және отансүйгіштікке баули отырып, жастардың бойында ұлттық бірегейлікті қалыптастырудың маңызды құралы екені анық. Осылайша, Қазақстан мектептерінде тарихи білім беру сапасын жақсарту қоғамда тарихи сананы және ұлттық бірегейлікті нығайтуға жол ашады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1 Қазақстан Республикасының Заңы. Білім туралы: 2007 жылдың 27 шілдесі, №319 қабылданған // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs.01.12.2020>.

2 Чумаченко Т.А., Левченко И.Е. Источниковедение истории педагогики и образования //Вестник Южно-Уральского государственного гуманитарно-педагогического университета. – 2018. – №. 7. – С. 175-191

3 Сарсекеев Б.С. Проблемы реформирования школьного исторического образования на основе Государственного образовательного стандарта: автореф. канд. пед. наук: 13.00.01. – Караганда, 2000. – 28 с.

4 Берлібаев Б.Т. Қазақстанда тарихи білімнің қалыптасуы мен дамуы: тарихи-теориялық зерттеу (1920-2001 жж.): тарих. ғыл. автореф. – Алматы, 2010. – 47 б.

5 Зуева Л.И. Развитие школьного исторического образования Казахстана в контексте мировых тенденций обучения истории. 1985-2000 гг.: автореф. канд. ист. наук: 07.00.02. – Караганда, 2009. – 24 с.

6 Ұлттық тарих көкжиегі: Қазақстан тарихы ғылымының Тәуелсіздік дәуіріндегі дамуы / ред. Б.Ф. Аяган. – Астана, 2018. – 359 б.

7 Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан тарихы ғылымы: тарихнама проблемалары / ред. Е.А. Әбілдің. – Алматы, 2022. – 464 б.

8 Kissane C. History education in transit: where to for Kazakhstan? // Comparative Education. – 2005. – Vol. 41, Issue 1. – P. 45-69.

9 Ермұханова Х.К. Тарих пәнін оқыту сапасын жақсарту жолындағы ізденіс // Қазақстан тарихы әдістемелік журнал. – 2013. – №8(130). – Б. 23-27.

10 Тұрлығыл Т.Т. Отан тарихының өзекті мәселелері // Қазақстан тарихы әдістемелік журнал. – 2013. – №11(133). – Б. 3-7.

11 Құнапина Қ.Қ. Орта мектепте отандық тарихты оқыту мәселелері // Қазақстан тарихы әдістемелік журнал. – 2013. – №12(134). – Б. 3-9.

12 Базарбекова Р., Жакеева А. Жаңартылған мазмұндағы оқулық ерекшеліктері // Қазақстан мектебі Республикалық ғылыми-педагогикалық журналы. – 2019. – №5(1120). – Б. 3-8.

13 Кұсайынов А.Қ. Оқулық сапасын көтеру жолдары. Қазақстан мектебі Республикалық ғылыми-педагогикалық журналы. – 2019. – №12(1127). – Б. 3-7.

14 Айтымбетов Н.Ы. Қазақстандағы ұлттық бірегейліктің қалыптасу ерекшеліктері. Жеке монография. – Алматы: ҚР БҒМҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2018. – 200 б. 19-20 б.

15 Тусупбеков Ж.А., Байгабылов Н.О., Орынбасарова Н.А. Бірегейлік ұғымы және ұлттық бірегейлік мәселесі. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ХАБАРШЫСЫ. Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы. -№ 4(133). – 2020. – 236-245 бб.

16 Дауенов Е.Н., Нұрғалиева С.А. Ұлттық бірегейліктегі ғылыми конструкт //ЛН Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Социология сериясы. – 2022. – Т. 141. – №. 4. – С. 88-98.

17 Президент Республики Казахстан Н.А. Назарбаев. Казахстан - 2030: процветание, безопасность и улучшение благосостояния всех казахстанцев: послание народу Казахстана // <https://www.akorda.kz/ru/>. 04.12.2020.

18 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев. Қазақстан–2050: стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты: Қазақстан халқына жолдауы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>. 08.12.2020.

19 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев. Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік: Қазақстан халқына жолдауы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700002017>. 25.12.2020.

20 Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы: 2016 жылдың 2 наурызда, №205 бекітілген // <https://adilet.zan.kz/kaz>. 25.12.2020.

21 Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж. Тоқаев. Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан: мақаласы // <https://www.akorda.kz/kz/>. 24.03.2020.

22 Қазақстан Республикасының Президенті Тоқаев Қ.К. Тәуелсіздік бәрінен қымбат // Егемен Қазақстан. – 2021, қаңтар – 5.

23. Орта білім беру саласын биыл ауқымды өзгерістер күтіп тұр // Qazaqstan TV/Қазақстан Ұлттық Арнасы (с) 2009-2015 // <http://www.kaztrk.kz>. 27.05.2023.

24 Қазақстан Республикасындағы тарихи сана қалыптастыру тұжырымдамасы. – Алматы : Қазақстан, 1995. - 32 б.

25 Аяған Б.Ғ. Қазақстанның қазіргі заман тарихын зерттеудің методологиялық проблемалары // О модернизации национальной истории «На новом рубеже исторической науки XXI века»: матер. расширен. засед. межведомст. рабочей группы по вопросам изучения национальной истории. – Алматы: ТОО «Литера-М», 2013. – С. 34-43.

26 Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан тарихы ғылымы: тарихнама проблемалары / ред. Е.А. Әбілдің. – Алматы, 2022. – 464 б.

27 Институт истории и этнологии имени Ч. Ч. Валиханова. Концепция становления исторического сознания в Республике Казахстан. – Алматы: Казахстан, 1995. – 32 с.

28 Мажитов С.Ф. Историческая наука Казахстана: современное состояние и тенденции развития // Известия НАН РК. – 2011. – №1. – С. 16-33.

29 Байпаков К.М. Концепция становления исторического сознания в Республике Казахстан и задачи отечественной археологии (к подготовке 10-ти томной истории казахов и Казахстана) // Известия Национальной академии наук Республики Казахстан. – 2014. – №5(297). – С. 226-232.

30 Указ Президента Республики Казахстан. Об объявлении 1997 года Годом общенационального согласия и памяти жертв политических репрессий: утв. 31 декабря 1996 года, №3299 // <http://adilet.zan.kz/rus/docs>. 04.12.2020.

31 Указ Президента Республики Казахстан. Об объявлении 1998 года – Годом народного единства и национальной истории: утв. 10 декабря 1997 года, №3790 // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U970003790>. 04.12.2020.

32 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы №581 қаулысы.

33 ҚРҰМ. Қ. 91. Т. 1. Іс. 767. П. 111.

34 ҚРҰМ. Қ. 91. Т. 1. Іс. 767. П.28-37, 51-52, 138.

35 Приказ Министра Образования и науки Республики Казахстан. Об утверждении Правил организации работы по подготовке, экспертизе и изданию учебников, учебно-методических комплексов и пособий: утв. 5 июня 2008 года, №325 // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V100006378>. 25.12.2020.

36 ҚРҰМ. Қ. 91. Т. 1(прод). Іс. 4238. П. 9, 120.

37 Приказ Министра Образования и науки Республики Казахстан. Об утверждении Правил по подготовке, экспертизе, апробации и проведению мониторинга, изданию учебников для организаций среднего образования и учебно-методических комплексов для дошкольных организаций, организаций среднего образования: утв. 24 июля 2012 года, №344 // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1200007876>. 25.12.2020.

38 Президент Республики Казахстан. Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность: послание народу Казахстана // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1700002017>. 25.12.2020г.

39 Оқу-ағарту министрлігінің Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығының ағымдағы архиві // <https://bmsso.kz/> 10.04.2024г.

40 Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың «Әділетті Қазақстан – Адал азамат» атты екінші отырысында сөйлеген сөзі. - Түркістан <https://akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyyn-ulattyk-kuryltaidyyn-adilette-kazakstan-adal-azamat-atty-ekinshi-otyrysynda-soylegen-sozi-1752959> 10.04.2024г

41 ҚРҰМ. Қ. 25. Т. 1. Іс. 114. П. 2

42 Приказ Министра образования и науки Республики Казахстан. Об утверждении Концептуальных основ воспитания: утв. 22 апреля 2015 года, №227 // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33847228. 12.07.2023.

43 Сапалық зерттеу үшін әзірленген сауалнама 1992-1999, Респондент 1 // <https://forms.gle/PZ9D3ZmykJ68Gkke9>. 20.01.2023.

44 ҚРҰМ. Қ. 91. Т. 1пр. Іс. 3850. П. 24, 30, 110.

45 ҰТО мұрағаты. <https://testcenter.kz/>

46 Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 тамызда №29031 болып тіркелді

47 Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 10 желтоқсанда № 8170 тіркелді

48 Калиева С.А. және т.б. «Қазақстан жастары – 2022» ұлттық баяндамасы. = Национальный доклад «Молодежь Казахстана – 2022». = National report “Youth of Kazakhstan / Қожабек Н. Б., Доценко Е. А., Аканов О. Б. – 2022”. – Астана, 2022. – 384 б.

References:

1 Qazaqstan Respublikasynyñ Zañy. Bilim turaly: 2007 zhyldyñ 27 şildesi, №319 qabyldanğan // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs>. 01.12.2020.

2 Çumaçenko T.A., Levçenko I.E. Istoçnikovedenie istorii pedagogiki i obrazovaniya //Vestnik Yuzhno-Ural'skogo gosudarstvennogo gumanitarno-pedagogicheskogo universiteta - 2018. – №. 7. – S. 175-191

3 Sarsekeev B.S. *Problemy reformirovaniya shkol'nogo istoričeskogo obrazovaniya na osnove Gosudarstvennogo obrazovatel'nogo standarta: avtoref. ... kand. ped. nauk: 13.00.01. – Karaganda, 2000. – 28 s.*

4 Berlibaev B.T. *Qazaqstanda tarihi bilimniñ qalyptasuy men damuy: tarihi-teorialyq zertteu (1920-2001 zhildar.): tarih. ğyl. avtoref. – Almaty, 2010. – 47 b.*

5 Zueva L.I. *Razvitie shkol'nogo istoričeskogo obrazovaniya Qazaqstana v kontekste mirovyh tendenci obučenia istorii. 1985-2000 gg: avtoref. kand. ist. nauk: 07.00.02. – Karaganda, 2009. – 24 s.*

6 Ülttyq tarih kökzhiegi: *Qazaqstan tarihy ğylymynyñ Táuelsizdik dáurindegi damuy / red. B.Ğ. Ayağan. – Astana, 2018. – 359 b.*

7 *Táuelsizdik zhyldaryndaғы Qazaqstan tarihy ğylymy: tarihnama problemalary / red. E.A. Abildiñ. – Almaty, 2022. – 464 b.*

8 Kissane C. *History education in transit: where to for Kazakhstan? // Comparative Education. – 2005. – Vol. 41, Issue 1. – P. 45-69.*

9 Ermühanova H.K. *Tarih pánin oqytu sapasyn zhaqsartu zholyndaғы izdenis// Qazaqstan tarihy ádistemelik zhurnal. – 2013. – №8(130). – 23-27 b.*

10 Türluğül T.T. *Otan tarihyñ özekti máseleleri // Qazaqstan tarihy ádistemelik zhurnal. – 2013. – №11(133). – 3-7 b.*

11 Qünapina Q.Q. *Orta mektepte otandyq tarihy oqytu máseleleri // Qazaqstan tarihy ádistemelik zhurnal. – 2013. – №12(134). – 3-9 b.*

12 Bazarbekova R., ZHakeeva A. *ZHañartylğan mazmúndaғы oqulyq erekselikleri // Qazaqstan mektebi Respublikalyq ğylymi-pedagogikalyq zhurnaly. – 2019. – №5(1120). – 3-8 b.*

13 Qüsaýnov A.Q. *Oqulyq sapasyn köteru zholdary. Qazaqstan mektebi Respublikalyq ğylymi-pedagogikalyq zhurnaly. – 2019. – №12(1127). – 3-7 b.*

14 Aitymbetov N.Y. *Qazazstandaғы ülttyq biregeiliktñ qalyptasu erekselikleri. Zheke monografiya. – Almaty: QR BGM ĞK Filosofia, sayasattanu zhóne dintanu instituty, 2018. – 200 b.*

15 Tusupbekov ZH.A., Baiğabylov N.O., Orynbasarova N.A. *Biregeilik üğymy zhóne ülttyq biregeilik máselesi. L.N. Gumilev atyndaғы Eurazia ülttyq universitetiniñ HABARŞYSY. Pedagogika. Psihologia. Aleumettanu seriasy. -№ 4(133). – 2020. – 236-245 bb.*

16 Dauenov E.N., Nürğalieva S.A. *Ülttyq biregeiliktegi ğylymi konstrukt // L.N. Gumilev atyndaғы Eurazia ülttyq universitetiniñ HABARŞYSY. Pedagogika. Psihologia. Aleumettanu seriasy. – 2022. – T. 141. – №. 4. – 88-98 bb.*

17 *Prezident Respubliki Qazaqstan N.A. Nazarbaev. Qazaqstan - 2030: proçetanie, bezopasnost' i uluçşenie blagosostoyania vseh qazaqstantsev: poslanie narodu Qazaqstana // <https://www.akorda.kz/ru/>. 04.12.2020.*

18 *Qazaqstan Respublikasynyñ Prezidenti N.Ə. Nazarbaev. Qazaqstan–2050: strategiasy – qalyptasqan memlekettñ zhaña sayasi bağyty: Qazaqstan halyqyna zholdauy // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>. 08.12.2020.*

19 *Qazaqstan Respublikasynyñ Prezidenti N.Ə. Nazarbaev. Qazaqstannyñ Úşınşı zhañğyray: zhahandyq básekege qabilettilik: Qazaqstan halqyna zholdauy // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1700002017>. 25.12.2020.*

20 *Qazaqstan Respublikasynda bilim berudi zhóne ğylymdy damytudyñ 2016-2019 zhyldarğa arnalğan memlekettik bağdarlamasyn bekitu turaly: 2016 zhyldyñ 2 nauryzda, №205 bekitilgen // <https://adilet.zan.kz/kaz>. 25.12.2020.*

21 *Qazaqstan Respublikasynyñ Prezidenti Q.K. Toqaev. Abai zhóne XXI ğasyrdaғы Qazaqstan: maqalasy // <https://www.akorda.kz/kz/>. 24.03.2020.*

22 *Qazaqstan Respublikasynyñ Prezidenti Toqaev Q.K. Táuelsizdik bórinen qymbat // Egemen Qazaqstan. – 2021, qañtar – 5.*

23 *Qazaqstan Respublikasyndaғы tarihi sana qalyptastyru tüzhrymdamasy. – Almaty : Qazaqstan, 1995. - 32 b.*

24 *Orta bilim beru salasyn biyl auqymdy özgerister kútip tür // Qazaqstan TV/Qazaqstan Ülttyq Arnasy (c) 2009-2015 // <http://www.kaztrk.kz>. 27.05.2023.*

25 Ayağan B.Ğ. Qazaqstannyñ qazırgı zaman tarihyn zertteudiñ metodologiyalyq problemalary // *O modernizacii natsional'noi istorii «Na novom rubezhe istoričeskoj nauki XXI veka»: mater. rassiren. zased. mezhdedomst. raboçei gruppy po voprosam izuçenia natsional'noi istorii.* – Almaty: TOO «Litera-M», 2013. – S. 34-43.

26 Táuelsızdık zhyldaryndağy Qazaqstan tarihi ğylymy: tarihnama problemalary / red. E.A. Əbildiñ. – Almaty, 2022. – 464 b.

27 Institut istorii i etnologii imeni Ç.Ç. Valihanova. Kontseptsia stanovlenia istoričeskogo soznania v Respublike Qazaqstan. – Almaty: Qazaqstan, 1995. – 32 s.

28 Mazhitov S.F. Istoričeskaya nauka Qazaqstana: sovremennoe sostoyanie i tendentsii razvitiia // *Izvestia NAN RK.* – 2011. – №1. – S. 16-33.

29 Baypakov K.M. Kontseptsia stanovlenia istoričeskogo soznania v Respublike Qazaqstan i zadaçi oteçestvennoj arheologii (k podgotovke 10-ti tomnoi istorii qazaqov i Qazaqstana) // *Izvestia Natsional'noi akademi nauk Respubliki Qazaqstan.* – 2014. – №5(297). – S. 226-232.

30 Ukaz Prezidenta Respubliki Qazaqstan. Ob obıavljeni 1997 goda Godom obşeanatsional'nogo soglasia i pamiati zhertv politiçeskih repressi: utv. 31 dekabria 1996 goda, №3299 // <http://adilet.zan.kz/rus/docs.04.12.2020>.

31 Ukaz Prezidenta Respubliki Qazaqstan. Ob obıavljeni 1998 goda – Godom narodnogo edinstva i natsional'noi istorii: utv. 10 dekabria 1997 goda, №3790 // https://adilet.zan.kz/rus/docs/U970003790_.04.12.2020.

32 Qazaqstan Respublikasy Úkimetiniñ 2022 zhylğy 19 tamyzdağy №581 qaulysy.

33 QRÜM. Q. 91. T. 1. Is. 767. P. 111.

34 QRÜM. Q. 91. T. 1. Is. 767. P.28-37, 51-52, 138.

35 Prikaz Ministra Obrazovania i nauki Respubliki Qazaqstan. Ob utverzheni Pravil organizatsci raboti po podgotovke, ekspertize i izdaniu uçebnikov, uçebno-metodiçeskih kompleksov i posobi: utv. 5 iunia 2008 goda, №325 // https://adilet.zan.kz/rus/docs/V100006378_.25.12.2020.

36 QRÜM. Q. 91. T. 1(prod). Is. 4238. P. 9, 120.

37 Prikaz Ministra Obrazovania i nauki Respubliki Qazaqstan. Ob utverzheni Pravil po podgotovke, ekspertize, aprobatsi i provedeniui monitoringa, izdaniu uçebnikov dlia organizatsi srednego obrazovania i uçebno-metodiçeskih kompleksov dlia doşkol'nyh organizatsi, organizatsi srednego obrazovania: utv. 24 iulia 2012 goda, №344 // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1200007876.25.12.2020>.

38 Prezident Respubliki Qazaqstan. Tret'ia modernizatsia Qazaqstana: global'naia konkurentosposobnost: poslanie narodu Qazaqstana // <https://adilet.zan.kz/rus/docs/K1700002017.25.12.2020g>.

39 Oqu-ağartu ministrliğıniñ Respublikalyq ğylymi-praktikalyq bilim mazmünyn saraptau ortalyğynyñ ağımdağy arhivi // <https://bmso.kz/> 10.04.2024g.

40 Memleket bassysy Qasym-Zhomart Toqaevtyñ Ülttyq qüryltaidyñ «Adilette Qazaqstan – Adal azamat» atty ekinşi otyrysynda söilegen sözi. - Türkistan <https://akorda.kz/kz/memleket-bassysy-qasym-zhomart-tokaevtyñ-ülttyq-qüryltaidyñ-adilette-qazaqstan-adal-azamat-atty-ekinşi-otyrysynda-soylegen-sözi-1752959> 10.04.2024g

41 QRÜM. Q. 25. T. 1. Is. 114. P. 2

42 Prikaz Ministra obrazovania i nauki Respubliki Qazaqstan. Ob utverzheni Kontseptual'nyh osnov vospitania: utv. 22 aprelia 2015 goda, №227 // https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33847228. 12.07.2023.

43 Sapalyq zertteu úşın ázirlegen saualnama 1992-1999, Respondent 1 // <https://forms.gle/PZ9D3ZmykJ68Gkke9>. 20.01.2023.

44 QRÜM. Q. 91. T. 1pr. Is. 3850. P. 24, 30, 110.

45 ÜTO mürağaty. <https://testcenter.kz/>

46 Mektepke deingi tárбие men oqytudyñ, bastauys, negizgi orta, zhalpy orta, tehnikalyq zháne kásiptik, orta bilimnen keingi bilim berudiñ memlekettik zhalpyğa mindetti standarttaryn bekitu turaly Qazaqstan Respublikasy Oqu-ağartu ministriniñ 2022 zhylğy 3 tamyzdağy №348 büiryğy. Qazaqstan Respublikasynyñ Adilet ministrliğinde 2022 zhylğy 5 tamyzda №29031 bolyp tirkeldi

47 Qazaqstan Respublikasyndaǵy bastauyş, negizgi orta, zhalpy orta bilim berudiñ úlgilik oqu zhosparlaryn bekitu turaly Qazaqstan Respublikasy Bilim zhóne ǵylym ministriniñ 2012 zhylyǵy 8 qaraşadaǵy № 500 Büiiryǵy. Qazaqstan Respublikasynyñ Adilet ministrlyǵında 2012 zhyly 10 zheltoqsanda № 8170 tirkeldi

48 Kalieva S.A. zhóne t.b. «Qazaqstan zhastary – 2022» últyq baiandamasy. = Natsional'ni doklad «Molodezh' Qazaqstana – 2022». = National report “Youth of Kazakhstan / Qozhabek N. B., Dotsenko E. A.